

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
			1 беттің 12 беті

БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы

№ 23 Хаттама


13. 10 2023 ж.

Клиникалық тәлімгерлік туралы Ереже

Жарамдылық уақыты «__» _____ 20__ ж. бастап	Ұзарту уақыты «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыста ☐ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: бастап № _____ ректордың бұйрығы	Құжатқа басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Коды № <u>970/42.6-2023</u> Көшірмесі № _____ Данасы № _____

Алматы – 2023





«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Дипломнан кейінгі білім беру факультеті

Тәлімгерлік туралы Ереже

Редакция 1

2 беттің 12 беті

БЕКІТУ ПАРАҒЫ

Атауы	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
ӘЗІРЛЕУ	Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы	Баймаханов А.Н.	
	ЖММ 2 деканы	Шопаева Г.А.	
КЕЛІСУ	Халаықаралық факультеттің деканы	Джардемалиева Н.Ж.	
	Педиатрия мектебінің деканы	Аипов Р.Р.	
	Стоматология мектебінің деканы м.а.	Алтынбеков К.Д.	
	АЖД басшысы	Ташетова А.Б.	
	Проректор	Байльдинова К.Ж.	
	Проректор	Султангазиева С.Е.	
	Ректор аппаратының басшысы	Искалиев А.М.	
	Заң басқармасының басшысы	Лахов С.В.	
	СМЖ бөлімінің басшысы	Масанова А.А.	

Аудиториялар Сарсебекова Н.О.
А.Р.Д.Д.Басшысы Ж.Б.Ж.
Халасбекова
Саманова М.М. М.М. +24

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
			3 беттің 12 беті

Мазмұны

1.	Жалпы ереже	4
2.	Нормативтік сілтемелер	5
3.	Терминдер және анықтамалар, қысқартулар	6
4.	Мақсаттары мен міндеттері	6
5.	Қызметтері	7
6.	Клиникалық тәлімгерлер мен білім алушылардың құқықтары мен міндеттері	8
7.	Қорытынды ережелер	10
8.	Өзгертулер енгізу парағы	11
9.	Танысу парағы	12

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
	4 беттің 12 беті		

1. Жалпы ереже

1.1. Осы құжат интернатура мен резидентураның клиникалық тәлімгерінің, оның ішінде аймақтық резидентура кезіндегі мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін белгілейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

1.2. Клиникалық тәлімгерлік – интерндер мен резидент-дәрігерлерді кәсіби міндеттерін өз бетінше орындауға кәсіби даярлау және бейімдеу үдерісі.

1.3. Клиникалық тәлімгерлік «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-тың (бұдан әрі - Университет) интерндері мен резидент-дәрігерлерін жеке оқыту сапасын жетілдіру үшін медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде даярлауды қамтамасыз ететін клиникалық базаларда жүзеге асырылады.

1.4. Университет пен клиникалық тәлімгер (Орындаушы) өтеулі қызмет көрсету шартын жасасады, оған сәйкес Орындаушы клиникалық тәлімгерлік қызметтерін жеке өзі көрсетуге міндеттенеді және интернатура мен резидентурада клиникалық тәлімгерлік мәселелері бойынша Университеттің жетекшілік ететін кафедрасының меңгерушісіне тікелей бағынады. Клиникалық тәлімгердің жылдық жүктемесі тиісті кафедраның отырысында қаралады және бекітіледі. Жоспарлы сағат саны шартта айқындалады, көрсетілген қызметтер актісінде нақты сағат саны көрсетіледі.

1.5. Клиникалық тәлімгердің өзінің функционалдық міндеттерін орындау сапасына мониторинг жүргізу мен бақылауды кафедра меңгерушісі жүзеге асырады. Клиникалық тәлімгерлік қызметтеріне ақы төлеу көрсетілген қызметтер актісі негізінде ай сайын жүргізіледі, ол тиісті кафедра меңгерушісімен, мектеп/факультет деканымен келісіледі және Орындаушы мен Тапсырыс берушінің өкілі жеке өзі қол қояды

1.6. Мектептер / факультеттер білім беру процесінің деңгейіне жетекшілік ету бағыты бойынша кафедра қызметіне мониторинг жүргізеді.

1.7. Клиникалық тәлімгерлердің педагогикалық жүктемені орындауының жалпы мониторингін академиялық жұмыс департаменті (АЖД) экономика және жоспарлау департаментімен (ЭЖД) бірлесіп жүзеге асырады

1.8. Өз қызметінде клиникалық тәлімгер келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Университет Жарғысы;
- 2) ұжымдық шарт;
- 3) Академиялық политика
- 4) ішкі оқу тәртібінің Ережелері;
- 5) ISO 9001:2015 халықаралық стандартымен, сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттары, университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, сапа жөніндегі басшылық, құжатталған сапа рәсімдері және т. б.;
- 6) ISO 37001 халықаралық стандартымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1	
		5 беттің 12 беті	

- 7) Директорлар Кеңесінің, Университет Басқармасының, Ғылыми кеңестің шешімдері;
- 8) Университеттің жоғары басшылығы мен жоғары тұрған басшының бұйрықтары мен өкімдері;
- 9) жалпы медицина мектебі-2, дипломнан кейінгі білім беру факультеті, халықаралық факультет, педиатрия мектебі, стоматология мектебі туралы ережелері;
- 10) ҚазҰМУ-дің ПОҚ және қызметкерлерінің ар-намыс кодексі;
- 11) осы Ереже.
- 1.9. Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және ол бекітілген күннен бастап орындалуы міндетт
- 1.10.Ережеге өзгерістер Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2. Нормативтік сілтемелер

- 2.1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 2.2. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-III Заңы;
- 2.3. Клиникалық база, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21848 болып тіркелді;
- 2.4. «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ - 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 мамырда № 22844 болып тіркелді;
- 2.5. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- 2.6. «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы шілдедегі №2 бұйрығы;
- 2.7. «Интернатурада медициналық кадрларды даярлау қағидаларын және резидентурада медициналық кадрларды даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-16 бұйрығы;
- 2.8. «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 Бұйрығы;
- 2.10. Университеттің академиялық саясаты;
- 2.11. Жалпы медицина 2 мектебі туралы ереже;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
			6 беттің 12 беті

- 2.12. Дипломнан кейінгі білім беру факультеті туралы ереже;
 2.13. Халықаралық факультет туралы ереже;
 2.14. Педиатрия мектебі туралы ереже;
 2.15. Стоматология мектебі туралы ереже.

3. Терминдер және анықтамалар, қысқартулар

Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылған:

Клиникалық база – білім беру ұйымы бірлескен қызмет туралы шарт бойынша денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін пайдаланатын денсаулық сақтау ұйымы;

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы (бұдан әрі-ДСБҰК) білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі немесе денсаулық сақтау ұйымы, оның негізінде ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша медициналық білімнің білім беру бағдарламалары іске асырылады;

Университеттік емхана – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының көпсалалы емдеу-профилактикалық құрылымдық бөлімшесі немесе оның негізінде ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша медициналық білімнің білім беру бағдарламалары іске асырылатын көпсалалы емдеу-профилактикалық ұйым;

Резидентура базасы – денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе медициналық ұйым ретінде аккредиттелген ғылыми-зерттеу институты, оның негізінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен резидентура бағдарламалары іске асырылады;

Тәлімгер – медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар мен жас мамандарды кәсіптік бейімдеуде практикалық көмек көрсету үшін медициналық ұйымның немесе медициналық білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын, білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы негізінде қызметін жүзеге асыратын кемінде бес жыл өтілі бар медицина қызметкері;

Салалық маман – денсаулық сақтау саласында сертификаты бар жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

Құзыреттіліктер – оқу кезінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте тәжірибеде пайдалану қабілеті;

Интернатура – клиникалық практикаға рұқсат алу үшін базалық жоғары медициналық білім беру шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша білім алушыларды даярлау нысаны;

Резидентура – клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны;

Резидент-дәрігер – резидентураның білім беру бағдарламасы шеңберінде оқитын және медициналық ұйымда тәлімгердің қадағалауымен жұмыс істейтін дәрігер;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
			7 беттің 12 беті

Дуальдық білім беру – білім беру ұйымдарында оқытуды кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқытудың және кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен біріктіретін, кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде жұмыс орындарын ұсына отырып және білім алушыларға өтемақы төлей отырып, кадрлар даярлау нысаны;

Жабдықтар – денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымы және клиникалық база емдік және (немесе) білім беру процестерінде пайдаланатын медициналық бұйымдар, оқу жабдықтары (муляждар) ;

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі-уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

4. Мақсаттары мен міндеттері

4.1. Клиникалық тәлімгерліктің мақсаты – интерндер мен резидент-дәрігерлерге кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, қажетті практикалық дағдыларға жағдай жасау және мақсатты оқыту.

4.2. Клиникалық тәлімгерліктің міндеттері:

- 1) интерндермен және резидент-дәрігерлермен кәсіби дағдыларды игеруде, дайындық бейіні бойынша нормативтік құжаттаманы білуде, медициналық этика нормаларын меңгеруде, жалпы білім беру және мәдени деңгейін арттыруда жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;
- 2) интерндер мен резидент-дәрігерлерде орындалатын жұмыс үшін жоғары жауапкершілікті қалыптастыру, ауруларды диагностикалаудың, емдеудің және алдын алудың жаңа заманауи әдістерін зерделеу, үнемі жетілдіруге ұмтылу;
- 3) интерндер мен резидент-дәрігерлерді клиникалық базада практикалық және зерттеу жұмыстарын орындауға тарту: сырқаттанушылықты, ауру тарихын талдау және т. б.
- 4) клиникалық база персоналымен, пациенттермен, олардың туыстарымен жұмыс істеуде коммуникативтік дағдыларды одан әрі дамыту.

5. Қызметтері

5.1. Интерндер мен резидент-дәрігерлерді клиникалық, ғылыми-практикалық және патологиялық-анатомиялық конференциялар, семинарлар, шеберлік сабағын, консилиумдар, клиникалық талдаулар және т. б. жұмысқа тарту және өткізу;

5.2. Ғылыми-практикалық баспа басылымдарында бірлескен жарияланымдар дайындау;

5.3. Емдеу, білім беру немесе ғылыми қызметте пайдаланылатын клиникалық база мен Университеттің медициналық техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарын бірлесіп пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1	
		8 беттің 12 беті	

- 5.4. Білім беру үдерісін, клиникалық оқытуды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 5.5. Интерндерге және резидент дәрігерлерге медициналық құжаттаманы жүргізу құқығын беру, білім алушылар жасаған барлық жазбаларды өз қолымен куәландыру;
- 5.6. Интерндер мен резидент-дәрігерлерге статистикалық деректерге және мұрағаттық құжаттарға қолжетімділік беру;
- 5.7. Тәлімгердің бақылауымен резидент дәрігерлердің пациенттерді өз бетінше емдеу жүргізуді ұйымдастыру;
- 5.8. Резидент-дәрігерлерге тәлімгердің бақылауымен медициналық (дәрігерлік) емдомды өз бетінше орындауға мүмкіндік және қолжетімділік беру;
- 5.9. Тиісті кафедраның талабы бойынша оқу-әдістемелік құжаттаманы уақтылы толтыру және ұсыну;
- 5.10. Оқу тәртібін бақылау.

6. Клиникалық тәлімгер мен білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

- 6.1. Клиникалық тәлімгер – интерндер мен резидент дәрігерлердің қажетті практикалық дағдыларды игеруіне ықпал ететін, тиісті мамандық (интернатура/резидентураның білім беру бағдарламасы) бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті практикалық денсаулық сақтау маманы, дәрігер.
- 6.2. Кафедраның клиникалық базасында және университеттік клиникаларда медициналық ақпараттық жүйеге (МАЗ), клиникалық қызметке қол жеткізе алатын тиісті мамандық (интернатура/резидентураның білім беру бағдарламасы) бойынша кафедра қызметкері клиникалық тәлімгер бола алады.
- 6.3. Клиникалық тәлімгерлерге ақы төлеу университет басқармасының шешімімен бекітілген қызмет көрсету шарттары бойынша сағаттық төлем мөлшеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.4. Тәлімгердің жұмыс кестесін және ай сайынғы сағаттық жүктемені пәндер кестесіне және тәлімгердің негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс кестесіне байланысты кафедра айқындайды.
- 6.5. Оқыту мамандығының ерекшеліктеріне және клиникалық базаның бейініне байланысты тәлімгер білім алушылардың бір немесе екі тобының оқуын бақылай алады.
- 6.6. Оқу мамандығының ерекшеліктеріне және клиникалық базаның бейініне байланысты кафедра қызметкері тәлімгер ретінде білім алушылардың бір немесе екі тобының оқуын бақылай алады.
- 6.7. Білім алушыларды ҚР басқа өңірлеріне барып практикалық оқытудан өту кезінде клиникалық тәлімгер Университетпен келісім бойынша медициналық ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда төлем медициналық ұйымның есебінен жүзеге асырылады.
- 6.8. **Клиникалық тәлімгердің міндеті:**
 - 1) Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттерді шешуге үйрету;
 - 2) Білім алушылардың оқытудың түпкілікті нәтижелерін игеруіне жауапты болу;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
	9 беттің 12 беті		

- 3) Чек-парақ бойынша білім алушының практикалық дағдыларын бағалау;
- 4) Білім алушыға кәсіби шеберліктің жинақталған тәжірибесін беруге, диагностика мен емдеудің ҚР-да бекітілген хаттамаларына сәйкес диагностика мен емдеудің неғұрлым ұтымды тәсілдері мен озық әдістерін үйрету;
- 5) Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамада және медициналық ұйымның жергілікті құжаттарында көзделген нұсқаулықтардың барлық түрлерін жүргізу;
- 6) Білім алушыдан кәсіптік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап ету;
- 7) Басшылық алдында резидент-дәрігерлердің практикалық дағдыларын, білім алушыларын және еңбек қызметін меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасау туралы өтініш жасау;
- 8) Білім алушыдан ауызша да, жазбаша да орындалған жұмыс туралы есептерді талап етуге міндетті;
- 9) Білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау;
- 10) Білім алушының жіберген қателіктерін анықтау және бірлесіп жою, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсету;
- 11) Клиникалық базада болған кезде білім алушының іс-әрекеті үшін жауапты болуға, барлық күрделі манипуляциялар тәлімгердің қатысуымен жүргізілуі тиіс;
- 12) Жетекшілік ететін кафедрамен ұдайы өзара іс-қимыл жасауға, кафедра айқындайтын мерзімдерде білім алушылардың сабаққа қатысуы туралы есептер беруге, білім алушылардың сабаққа қатыспағаны туралы кафедраны уақтылы хабардар етуге міндетті.

6.9. Тәлімгердің құқығы:

- 1) Практикалық дағдыларды жеткіліксіз меңгеруге байланысты білім алушының орын ауыстыруы туралы мәселелерді шешу кезінде ұсыныстар енгізу;
- 2) Қызметтік жұмыстарға байланысты мәселелерді талқылауға қатысуға, интерндер мен резидент-дәрігерлерге қатысты тәрбиелік және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізуге міндетті.

6.10. Білім алушының міндеті:

- 1) жұмыста тәртіпті, ұйымшылдық пен мәдениеттілікті көрсету;
- 2) жұмыс шарттарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысу;
- 3) оқу және өндірістік тәртіпті сақтауға, медициналық ұйымның ішкі еңбек тәртібі қағидаларын орындауға, санитариялық талаптарды, киім нысанын сақтауға және жұмыста лауазымдық нұсқаулықты, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды басшылыққа алу;
- 4) қажетті кәсіби дағдыларды/құзыреттерді меңгеру;
- 5) мамандықты меңгеру, медициналық ұйымдағы жұмыс ерекшеліктерімен танысу үшін тәлімгердің тәжірибесі мен білімін барынша пайдалану;
- 6) науқастармен жұмыс істеу кезінде және медициналық құжаттаманы ресімдеу кезінде өзінің барлық іс-әрекеттерін тәлімгермен келісуге міндетті.

6.11. Білім алушының құқығы:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті	Тәлімгерлік туралы Ереже	Редакция 1
			10 беттің 12 беті

- 1) Медициналық ұйымда бар емдеу-диагностикалық қызмет мәселелері жөніндегі қызметтік, нормативтік, оқу-әдістемелік құжаттаманы пайдалануға;
- 2) Емдеу-диагностикалық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес, көмек алу үшін жеке тәртіпте клиникалық тәлімгерге жүгінуге;
- 3) Клиникалық тәлімгермен жеке байланыс орнату мүмкін болмаған кезде университеттің кафедра меңгерушісіне тиісті өтінішпен жүгінуге құқығы бар.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже университеттің клиникалық базаларында интерндермен және резидент дәрігерлермен Университеттегі клиникалық тәлімгерлермен жұмысты ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бөлігі болып табылады.

7.2. Осы ережеде Университеттің клиникалық базасындағы клиникалық тәлімгер мен интерннің, резидент-дәрігердің құқықтық жағдайын және олардың қызмет аясын реттейтін негізгі нормалар ұсынылған, олар Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі үдерісіндегі белгіленген тәртіппен шығарылған ішкі нормативтік құжаттармен және Университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.


7.3. Осы ереженің орындалуын бақылау қызметі Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің, Жалпы медицина мектебінің-2, Халықаралық факультеттің, Педиатрия мектебінің, Стоматология мектебінің декандарына жүктеледі, олар оны Университеттің барлық мүдделі лауазымды адамдарына жеткізуді, оның орындалуын бақылауды және Ереженің уақтылы өзектендірілуін қамтамасыз етеді.



Тәлімгерлік туралы Ереже

11 беттің 12 беті

[illegible]



Тәлімгерлік туралы Ереже

Редакция 1

12 беттің 12 беті

[illegible]